

ҚАЗАҚТЫҢ
АТА ЗАҢДАРЫ



ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ

ESKI KAZAK HUKUK DÜNYASI

THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW



**«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылып отыр**

**Алматы
«Жеті жарғы»
2005**

«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Бас редакциясының алқасы

Тасмағамбетов И.Н., бас редактор
Тәжин М.М., бас редактордың орынбасары
Жанаханов Қ., жауапты хатшы
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

ҚАЗАҚТЫҢ АТА ЗАҢДАРЫ

ДРЕВНИЙ МИР ПРАВА КАЗАХОВ
ESKI KAZAK HUKUK DÜNYASI
THE ANCIENT WORLD OF THE KAZAKH LAW



ҚҰЖАТТАР, ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР
ОН ТОМДЫҚ

МАТЕРИАЛЫ, ДОКУМЕНТЫ
И ИССЛЕДОВАНИЯ
В ДЕСЯТИ ТОМАХ

IV ТОМ

Бас редакторы және «Бағдарлама» жетекшісі
Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зиманов С.З.

Том жетекшілері: Зиманов С.З., Мұхамеджанов Б.Ә.

Әзірлеушілер: Зиманов С.З., Кенжалиев З.Ж., Қуандықов Б.Ж.,
Байжанова Қ.Ө., Хайдаров Б.К., Дауталиев Қ.Н.

Главный редактор, руководитель «Программы»
академик Национальной академии наук Республики Казахстан
С.З. Зиманов

Руководители тома: С.З. Зиманов, Б.А. Мухамеджанов

Подготовили: С.З. Зиманов, З.Ж. Кенжалиев, Б.Ж. Куандықов,
К.У. Байжанова, Б.К. Хайдаров, К.Н. Дауталиев

Редакция алқасы:

Зиманов С.З., заң ғылымдарының докторы;
Әбішев К.А., заң ғылымдарының кандидаты;
Құл-Мұхаммед М.А., заң ғылымдарының докторы;
Мұхамеджанов Б.Ә., заң ғылымдарының кандидаты;
Нәрікбаев М.С., заң ғылымдарының докторы;
Сапарғалиев Ғ.С., заң ғылымдарының докторы

Редакционная коллегия:

Зиманов С.З., доктор юридических наук;
Абишев К.А., кандидат юридических наук;
Кул-Мухаммед М.А., доктор юридических наук;
Мухамеджанов Б.А., кандидат юридических наук;
Нарикбаев М.С., доктор юридических наук;
Сапарғалиев Ғ.С., доктор юридических наук

ББК 67.400

Қ 19

«ИНТЕЛЛЕКТУАЛ — ПАРАСАТ» ЗАҢ КОМПАНИЯСЫ
ЮРИДИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ «ИНТЕЛЛЕКТУАЛ — ПАРАСАТ»

Қ 19 **Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер=Древний мир права казахов.** Материалы, документы и исследования. 10 томдық. /Бағдарлама жетекшісі: С. З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. — Алматы: Жеті жарғы, 2005. («Интеллектуал—Парасат» заң компаниясы). 4-том. — 2005. — 552 бет.
ISBN 9965-11-195-2

IV томда Қазақ әдет-ғұрып құқығының ескерткіштері, ізденістер мен табыстар, «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның ескі жолы «Жеті Жарғы» олардың тізімі мен нұсқалары беріліп отыр.

Бұл еңбек көшпелі қазақ қоғамының тарихын, бітім-болмысы мен құқығын, шешендік билік дәстүрлері мен рухани мұраларын зерттеуші-ғалымдарға, мұғалімдерге, жоғары және орта оқу орындарының студенттеріне және қазақ тарихын сүйіп оқитын көпшілікке арналған.

Қ 1203020100—035 19—2005
419(05)—2005

ББК 67.400

ISBN 9965-11-195-2 (Т. 4)
ISBN 9965-11-141-3

© «Жеті жарғы» ЖШС, 2005
© Авторлар ұжымы, 2005
© Зиманов С.З., Қуандықов Б.Ж.,
Байжанова Қ.Ө., Хайдаров Б. Х.,
Дауталиев Қ.Н., құраст., 2005
© Көркемдік безендірілуі, «Баур плюс» ЖШС, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақтың ата заңдары» — «Древний мир права казахов» атты еңбектің бұл IV томы қазақтың хандары — Қасым (1510—1521), Есім (1598—1628) және Тәукенің (1680—1718) заңшығарушылық қызметіне байланысты «жарғы» деп аталатын құқықтық ескерткіштерге арналған. Бұл хандардың әрқайсысы елдің жоғарғы билеушісі болып 30 және одан да көп жыл бойы отырған. Ал Қасым хан ұзақ уақыт бойы, шамамен 30 жылдай екінші хан рөліне, сұлтан лауазымына қанағат қылды. Бірақ іс жүзінде хандықты басқарған Қасым сұлтан еді. Қалай дегенмен де соғыс пен бейбітшіліктің көптеген маңызды мәселелерін жеке-дара немесе Шыңғыс хан ұрпақтары арасында көнеден сақталып келе жатқан дәстүрге сай ресми хан Бұрындықтың сөзсіз келісімімен шешкен болатын. Қасым хан да бұл дәстүрге құрметпен қарайтын.

Бұл том төрт бөлімнен құралған. **Бірінші бөлім** «Қазақ хандарының заңшығарушылық қызметінің ерекшеліктері және оған шолу» деп аталады және мұнда қазақ құқығында «Жарғы» деп аталатын дерек, тарихта «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген атқа ие болған заңдар қарастырылған. Қазақ хандарының заңшығарушылық қызметіндегі жалпы қасиеттерімен бірге ерекшеліктері де көрсетілген. Көшпелі қазақ қоғамы және оның пайым-түсінігі мен құқықтық құрылымы ұзақ тарихты бастан өткерді және көшпелі өркениеттің дамыған нысандарының бірінің үлгілері күшті болған Қыпшақ даласы кеңістігінде, Орталық Азияның көшпелі қоғамының басқа тұсында ерекше қалыптасты. Тарих пен ғасырлар бойына көшпелі қазақ қоғамы дала демократиясы мен еркіндік сезімінің құндылық белгілерін сақтап келді. Дәл осы көшпелі қазақ қоғамында жалпы адами, оның ішінде саяси мәдениеттің келесідей түсініктері мен қағидалары бекітіліп, дамыды: халықтың өзін-өзі айқындауының нысаны ретіндегі өзін-өзі басқару; әділетті басқару және сот ісін жүргізу; материалдық құндылық ретіндегі сөз; өзін-өзі ақтау мен дәлелдеудің құрамы ретіндегі шешендік. Бір сөзбен айтқанда, қазақ қоғамында ештеңе еркін ойлау мен әділ соттан жоғары бағаланған жоқ. Көшпелі қазақ қоғамының ішкі өмірінде, сондай-ақ басқару мен билік саласында да екі мәселе бірінші орында болды — Сөз құдыреті мен Заң құдыреті. Көшпелілер өмірінің тұрақты факторлары мен үлгілерін сақтауға тырысқан жоғарғы және ұлыстық басқарушылар бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да халық тарапынан үлкен қолдау тауып отырды. Мемлекеттік қайраткер ретінде ерекше ақыл-парасатымен көзге түскен Қасым хан көшпелілердің өмір-салтын үнемі сақтап отырды және сондықтан

да үлкен құрмет пен беделге ие болды. Бұл оның «Қасым ханның қасқа жолы» аталған заң жинағынан да көрініс тапты.

Томның екінші бөлімі «Қасым хан мен Есім ханның заңдары туралы» деп аталады. Мұнда әр түрлі кезеңдерде, әр түрлі жағдайларда және әр түрлі саяси режим жағдайында, әр түрлі авторлардың әр түрлі мақсаттармен жазылған әдеби деректер жинақталған: бірде олар әр түрлі анықтамалық жинақтар үшін жалпы және қысқаша мазмұндалып жазылса, енді бірде — жекелеген қариялардың есінде сақталған әңгімелердің жазбалары түрінде жинақталды. Олардың ішінде негізінен Кеңес өкіметі құлағаннан кейін асығыс түрде жазылған Қасым хан мен Есім хан заңдары туралы жекелеген зерттеушілер мен ғалымдардың жорамалдары мен ой-тұжырымдары да бар. Тұтастай алғанда кітапта берілген материалдар әрі қарай арнайы зерттеулер жүргізу үшін негіз бола алады. Бұл орайда олар өте пайдалы да болып табылады. Сонымен бірге, ескеретін жайт, мақалалардың авторларының барлығы Қасым хан мен Есім ханның заңдары кейде бес, кейде үш топ нормалардан құралған, әрі жинақталып бір Заңда мазмұндалған деген жалпылама болжамды қуаттайды. Дұрысында аталмыш қазақ хандары шығарды деген «Заңдар» олардың саяси және әлеуметтік реформалары мен қазақ мемлекетінде билік құрған кезеңдері барысында енгізген нормативтік жаңалықтарының жиынтығы болып табылады. Қасым хан мен Есім ханның қызметі мен заңдарының құнын арттыратын нәрсе — оған берілетін бағаның жоғарылығы мен оларға деген зерттеушілердің қызығушылығы.

Үшінші бөлім көлемді әрі сипатталуы жағынан әрқелкі болып келеді. Ол «Жеті Жарғы» деп аталатын Тәуке хан заңдарына арналған. Осы заңдарға деген ғалымдардың, жазушылардың, журналистердің және халық тарихын сүйіп оқитын оқушылардың қызығушылығын бірнеше себеппен түсіндіруге болады. Олардың ішіндегі маңыздылары келесідей: Тәуке ханның билік құрған кезеңі (XVII ғасырдан соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегі) Қазақ хандығы тарихындағы ең ауыр, өтпелі кезеңдердің бірі болып табылады; Тәуке ханның кезінде, оның саясатына сәйкес билер ақсүйектер арасында басты және анықтаушы әлеуметтік күшке ие болды, ал бүкілқазақтық билер кеңестері мен жиналыстары Тәуке ханның кезінде мемлекеттегі соғыс және бейбітшілік сияқты маңызды мәселелерді шешетін тұрақты органдарға айналды; бұған дейінгі хандық билік тәжірибесіне қарағанда Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдары қазақтың үш жүзінің өкілдері түгел қатысқан жиналыста талқыланып, қабылданған заң актісі болып табылады және де соңғы айтарымыз, дәл осы Тәуке ханның кезеңі біздің заманымызға жақын дәуір болып табылады. Ол жөнінде аңыз-әңгімелер де, жазба деректер мен материалдар да көп.

Төртінші бөлім «Жарғы» атты қазақ құқығының негізгі қайнар көзінің бірі болып табылатын соттық прецедент маңызына ие болған белгілі билердің шешімдеріне арналған.

Бірқатар кезеңдер мен қиын-қыстау дәуірлерді өткерген қазақ құқығы дүниесі халықтың санасында терең із қалдырды, ол XX ғасырға дейін, тіптен осы күндерге шейін сақталды. Оның өз негізінде және қазақ халқының мәдениеті тарихында мықты орналасқандығы сонша, «Жарғы» атты қазақ құқығы нор-

маларын және ол туралы естеліктерді жоюға бағытталған патшалық Ресей мен кеңестік өкіметтің күштеу саясаты да оны халықтың санасынан толық өшіріп тастай алған жоқ. Көшпелі өркениеттің мұрасы — міне осындай еді.

Бүгінгі күні, ХХІ ғасырдың басында, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жағдайында бір кездері көшпелі қазақ қоғамында орын алып, жоғары бағаланған билер соты туралы, халық билігі туралы, қоғамды басқарудағы адами құндылықтар туралы көп айтыла бастады. Және ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің ең жоғарғы жетістіктеріне негізделген қазіргі өркениет жағдайында да және шаруашылықтың көне нысандарына негізделген, әрі тікелей табиғатпен байланысты көшпелі өркениет жағдайында да халық та, олардың дүние мен өмір туралы ойлары да, арман-мақсаттары да ұқсас болды. Демек, қазір бізде бар дүние — бұрынғы көне жолдың жаңа кезеңі ғана болып табылады.

*ҚР ҰҒА-ның академигі
ЗИМАНОВ С.З.*

Предисловие

Настоящий, IV том «Қазақтың ата заңдары» — «Древний мир права казахов» посвящен памятникам права «жарғы», связанным с законодательной деятельностью казахских ханов — Касым хана (1510 — 1521), Есим хана (1598 — 1628) и Тауке хана (1680 — 1718). Каждый из них был верховным правителем 30 и более лет. А Касым хан долгое время, почти 30 лет, довольствовался ролью второго хана, султанским титулом, хотя фактически за это время правил ханством, во всяком случае многие важнейшие вопросы войны и мира решал самостоятельно или при безотказном согласии Бурундука, официального хана, который был старшим по династии, что имело неперемное значение среди чингизидов. Касым хан считался с этой традицией.

Том состоит из четырех разделов. В первом разделе, названном «Обозрение и особенности законодательной деятельности казахских ханов», рассматриваются истоки и источники казахского права «Жарғы», законы Касым хана, вошедшие в историю как «Қасым ханның қасқа жолы» («Праведные установления Касым хана»), Законы Есим хана, именуемые «Есім ханның ескі жолы» («Законы — наследие Есим хана»). Показано общее и особенное в законодательной деятельности казахских ханов. Казахское кочевое общество и его миропонимание и правовой строй прошли длительную историю и формировались несколько особо на другой орбите кочевого общества Центральной Азии, на просторах Кипчакской степи, где были сильны модели одной из развитых форм кочевой цивилизации. Через века и историю казахское кочевое общество, в силу имманентных обстоятельств, пронесло и сохранило ценностные черты степной демократии и сознание свободы. Именно в казахском кочевом обществе утвердились и развились такие понятия и начала общечеловеческой, в том числе политической, культуры, как: самоуправление как форма самоутверждения народа; справедливое управление и суд; слово как материальная ценность; риторика как средство самовыражения и доказывания. Словом, можно сказать, что в казахском обществе ничто не ценилось больше, чем свободомыслие и справедливое правосудие. Во внутренней жизни казахского кочевого общества, в том числе в сферах управления и власти превалировали две доминанты — это Царство слова и Царство правосудия. Те верховные и улусные правители, которые выражали устойчивые факторы и модели жизни кочевников, имели наибольший успех и пользовались наибольшей поддержкой среди населения как в мирное время, так и в периоды военных действий. Касым хан, отличавшийся умом большого государственного

деятеля, жил жизнью кочевников и это принесло ему славу и могущество. Это отразилось в его законах, получивших в народе благовейное название «Қасым ханның қасқа жолы», что можно перевести «Праведные установления Касым хана» или «Благопристойные законы Касым хана».

Во **втором разделе** тома «О законах Касым хана и Есим хана» собраны почти все имеющиеся на сегодня литературные данные о них, написанные в разные периоды, в разных условиях и политических режимах, разными авторами и с разными целями: в одних случаях они написаны в общем и кратком изложении для различных справочных сборников, а в других случаях — в виде записи рассказов, сохранившихся в памяти отдельных старцев. Среди них имеются догадки и размышления отдельных исследователей и ученых о законах Касым хана и Есим хана, в основном написанные на скорую руку после развала советского режима. В целом приведенные в книге материалы могут служить основой для дальнейших специальных исследований. В этом плане они полезны. Вместе с тем следует заметить, что все авторы статей исходят из однажды высказанного предложения о том, что законы Касым хана, Есим хана якобы состояли то из пяти, то из трех групп норм, собранных и изложенных ими в единых правовых уложениях. «Законы», приписываемые указанным казахским ханам, ничто иное как сгусток выражений их политических и социальных реформ и нормативных нововведений, осуществленных ими за периоды их властвования в казахском обществе. Они имеют больше оттенок их оценки поколениями людей, что повышает ценность деятельности законов и Касым хана, и Есим хана, а также интереса к ним исследователей.

Третий раздел, наиболее объемный и наиболее разнохарактерный, посвящен законам Тауке хана, известным под названием «Жеті Жарғы». Столь пристальное внимание ученых, писателей, журналистов и любителей истории народа к законам Тауке хана вызвано несколькими причинами. Среди них главными являются: период Тауке хана (последняя четверть XVII и первая четверть XVIII вв.) является переломным в истории Казахского ханства; при Тауке хане, в его политике бии стали главной и определяющей социальной силой среди знати, а всеказахские бийские собрания и советы биев превратились в постоянные органы при хане для решения важнейших вопросов мира и войны в государстве; Законы Тауке хана «Жеті Жарғы», в отличие от практики ханской власти предыдущих эпох, являлись разовыми законодательными актами, обсужденными и принятыми на собраниях представителей всех трех казахских жузов; и, наконец, период Тауке хана представляет наиболее близкую современному поколению эпоху, о которой достаточно много легенд и письменных свидетельств и материалов.

Четвертый раздел посвящен постановлениям известных биев, имеющим значение судебных прецедентов, являвшихся одним из основных источников казахского права «Жарғы».

Мир права казахов, переживший ряд эпох и потрясений, оставил такой мощный след в памяти народной, сохранившийся вплоть до XX в., да и до сегодняшних дней. Он был настолько прочен в своей основе и в истории культуры казах-

ского народа, что годы насильственных мер царской России и советской власти, направленных на искоренение норм казахского права «жарғы» и памяти о нем, не могли стереть их полностью. Таково было наследие кочевой цивилизации.

И сегодня, в начале XXI в., в условиях государственной независимости Казахстана, снова заговорили о бийском правосудии, о началах народной демократии, о нравственных ценностях в управлении обществом, которые когда-то, в прошлом имели место и высоко ценились в казахском кочевом обществе. И в условиях современной цивилизации, основанной на выдающихся достижениях науки и техники, культуры и искусства, и в условиях кочевой цивилизации, основанной на примитивных формах хозяйствования и большей зависимости от природы, творцами истории и этих цивилизаций являлись люди — народ, думы о мире и жизни, мечты жизнеобеспечения которых были идентичны. То, что мы имеем сегодня — лишь новый этап старого пути.

Академик НАН РК С.З. ЗИМАНОВ

Önsöz

Okuyuculara sunmakta olduğumuz «Eski kazak hukuk dünyası» — «Kazaktın ata zandarı»'nın bu IY. cildi üç kazak hanları: Kasım-han (1510 — 1521s.), Esim-han (1598 — 1628 s) ve Tauke-han'ın (1680 — 1718) yasamalı faaliyetleriyle ilgili olup «jargılar» denilen hukuk eserleri içerir. Adı geçen hanların her birisi 30 ve daha fazla sene boyunca yüksek idareci olmuştur. Kasım-han da uzun süre içinde, yaklaşık 30 yıldır, gerçekten hanlığı yönettiğine rağmen ikinci han rolü, sultan unvanı ile yetinmiştir. Her halde önemli barış ve sulh meseleleri tek başına yada çingiziler için yüksek önemi taşıyan ve hanedanda büyük ve resmi han olan Burunduk'un ret cevabı vermeden mutabakatını alarak hallederdi. Ve Kasım-han bu geleneği hesaba alırdı.

Cilt dört bölümden ibarettir. «Yorum ve kazak hanların yasamalı faaliyetlerinin özellikleri» denilen birinci bölümde kazak hukuk «jargılar»ın kaynakları, kökleri, tarihe «Kasım hannın kaska jolı («Kasım-han'ın adil hedefleri») olarak giren Kasım-han'ın yasaları, «Esim hannın eski jolı» («Esim-han'ın nizam-mirasları») denilen Esim-han'ın yasaları üzerinde görüşülür. Kazak hanların yasamalı faaliyetindeki genel ve özel durumlar gösterilir. Kazak göçmen toplumu, onun dünya tanımını ile hukuki kuruluşunu uzun tarihi geçerek Orta Asya göçmen toplumun diğer bir yörüngesinde, Kıpçak istepi genişliğinde ayrı şekilde oluşturulmuştur. Bu bölgede göçmen uygarlığın gelişmiş formlarının modelleri çok kuvvetliydi. Kazak göçmen toplumu, aslında bulunan olaylar nedeniyle asırlar ve tarihler üzerinden istep demokrasinin değerli özelliklerini ve hürriyet bilincini geçirip saklamıştır. Asıl tam kazak göçmen toplumunda siyasi dahil olmak üzere genel insani kültürün tanım ve başlangıcı tespit edilip gelişmiştir. Onlar da şudur: halkın kendini sağlama bağlama formu olarak idare muhtariyeti; adli idare ve mahkeme; maddi kıymet olarak söz; kendini ifade ve ispat etme vasıtası olarak belagat ilmi. Demek, şöyle diyebiliriz ki kazak toplumunda fikir bağımsızlığı ile adil hakaniyetten başka değerli hiç bir şey yoktu. Göçmen kazak toplumun iç hayatında, onun içinde idare ve hükümet branşlarında iki üstünlük mevcuttu — Söz çarlığı ve Adliye çarlığıdır. Göçmenler hayatının dayanıklı faktörlerle modellerini ifade eden yüksek ve ulus hükümdarları, çok başarılı olup hem hazar hem de savaş devirlerde halkın desteğine sahiptiler. Akıllı büyük devlet adamı olarak tanınmış Kasım-han, göçmenlerin hayatını yaşamış ve bu durum ona şöhretle kudret getirmiştir. Halk içinde «Kasım hannın kaska jolı» denilen saygıdeğer adla belli olan yasalarda onun faaliyeti tamamen ifade edilmiştir. Bunları «Kasım-han'ın adil hedefleri» veya «Kasım-han'ın adaba muvafık yasaları» diye çevirebiliriz.

«Kasım-han ve Esim-han'ın yasaları hakkında» adlanan cildin ikinci bölümünde bu hanlarla ilgili bugüne kadar mevcut olan değişik devirlerde, muhtelif şart ve siyasi rejimlerde, çeşitli yazarlarca ayrı ayrı maksatla yazılmış tüm edebi bilgiler toplanmıştır. Bu bilgiler bazen kılavuz kitaplar için genel ve kısa özet olarak, bazen de birkaç yaşlıların hatırasında saklanmış hikayeler şeklinde yazılmıştır. Bunların arasında Kasım-han ve Esim-han'ın yasaları hakkında ayrı araştırmacı ile bilginlerin tarafından çoğu halde sovyet rejimi yıkıldıktan sonra çabucak yazılmış tahmin ve fikirler var. Genellikle kitapta verilmiş materyaller daha sonraki hususi tetkik ve inceleme için esas olabilir ve bu hususta onlar çok önemli ve yararlıdır. Bununla beraber makale yazarların hepsi Kasım-han ve Esim-han'ın yasaları kendileri tarafından toplanmış olup tek hukuk kaide normları olarak ya beş yada üç gruptan oluştuğuna dair bir defa söylenmiş tahmine dayanmışlardır. Bunu ayrıca kaydetmek gerekir. Adı geçmekte olan kazak hanlara atfedilmiş «Yasalar», onların kazak toplumu idare ettikleri devir içinde siyasi ve sosyal reformlar ifadesinin yoğunlaşması ve bu zaman içinde gerçekleştirdikleri normativ yeniliklerden başka bir şey değildir. Bu makaleler daha çok insan nesillerin onlara verdikleri değerini kapsar, bu husus Kasım-han ve Esim-han'ların yasaları ile faaliyetlerinin kıymetini daha yükseltir, araştırmacıların ilgisini daha arttırır.

Hacmine göre daha büyük ve şekline göre daha çok değişik olan üçüncü bölümde «Jeti Jargı» («Yedi hukuk eseri») olarak tanılan Tauke-han'ın yasalarından bahsedilir. Tauke-han'ın yasalarına bilgin, yazar, gazeteciler ve halk tarihini sevenler tarafından önem verilip dikkat gösterilmesinin birkaç nedeni var. Bunların içinde başlıları şunlardır: Tauke-han'ın devri (XYII. asrın son çeyreği ile XYIII. asrın birinci çeyreği) Kazak hanlığı tarihinin dönüm bir devridir; Tauke-han zamanında onun siyasetinde bi'ler, asılzadeler arasında en başlı ve tanımlayıcı sosyal güç olmuş, genel kazak bi toplantıları ile bi yönetim kuruluları da devletteki barış ve harbin en önemli meseleleri çözecek han yanındaki devamlı merciye dönmüştür; Tauke-Han'ın «Jeti Jargı» Yasaları, daha önceki devirlerde yaşayıp halka hizmet gösteren han hükümdarlarının uyguladıkları yasalarından farklıydı, çünkü onlar üç kazak jüzleri temsilcilerinin toplantısında görüşülüp bir defa için kabul edilmiş hukuki varaka idi; ve, son olarak, kendisi hakkında destan, yazılı evrak ve materyallerin çok olduğu Tauke-han'ın devri şimdiki nesile en yakın devir sayılır.

Dördüncü bölümde «jargı» denilen kazak hukuk eserleri için esas kaynak olup muhakeme emsali önemini taşıyan meşhur kazak bi'lerin kararları kaydedilir.

Birkaç devir ile sarsıntıyı geçirmiş olan kazakların hukuk dünyası halkın şuuru ile hatırasında sadece XX. asıra değil bugüne kadar bile saklanmış büyük ve önemli iz bırakmıştır.

Bu eser kendi esasında ve kazak halkı kültürünün tarihinde o kadar sağlam ve dayanıklıydı ki, çarlık Rusya ile sovyet hükümetinin kazak «jargı» hukuk normlarını tamamen ortadan kaldırılmasına ve hatırasının bile yok edilmesine yöneltelen zorlayıcı tedbirleri bunları tam olarak silememiştir. Göçmen uygarlığın mirası işte böyleydi.

Bugün de, XXI. asrın başında, Kazakistan devleti bağımsızlığı şartında gelişmekte olduğu zaman kazak göçmen topluluğunda mevcut olup yüksek değerlendirilmiş bi hakaniyeti, halk demokratisi kaynakları, toplumun idaresinde manevi kıymetler

hakkında yine konuşmaya başlanmıştır. Bilim ile teknik, kültür ile sanat esasında gelişmekte olan modern uygarlık zamanında da, tabiata bağılı olup iktisadi yönetimin basit formları üzerinde kurulmuş göçmen uygarlığı zamanında da tarihin ve bu uygarlıkların yaratıcısı insanlardı, halktı. Ve bu halkların dünya ve hayat hakkında düşünceleri, yaşama hayalleri aynı idi. Bugünkü elimizde mevcut olanlar, sadece eski yolun yeni aşamasıdır.

S.Z.ZIMANOV
KC İlimler akademisi üyesi.

The foreword

Present IV Volume « The Ancient World of the Kazakhs Law » is devoted to the statutes of «jarghi», connected with the legislative activity of the Kazakh khans — Kassym-khan (1510—1521), Essym-khan (1598—1628) and Tauke-khan (1680—1718). Each of them was the Supreme governor for 30 and more years. Kassym-khan was content with a role of the second khan, sultan title for a long time, almost 30 years, though he ruled the khanate actually. He solved many major questions of war and peace independently or by the consent of Burunduk, the official khan who was the eldest in the dynasty that had indispensable value among chingizids. Kassym-khan reckoned with this tradition.

The volume consists of four sections. In the **first section** titled «The Review and Features of Legislative Activity of the Kazakh Khans» are examined the sources of the Kazakh law «jarghi», Kassym-khan's law which is known in the history as «Kassym khannyng tura joly» («The codes of Kassym-khan»), the laws of Essym-khan called «Essym khannyng eski joli» («The codes of Essym-khan»). The great attention is paid to the common and special roles of the Kazakh khans in legislative activity. The Kazakh nomadic society both its outlook and legal build have passed a long history and were especially in other orbit of a nomadic society of the Central Asia, on open spaces of Kipchak steppe where the models of the advanced forms of a nomadic civilization were strong. Thought the centuries and the nomadic society, by virtue of immanent circumstances, valuable features of steppe democracy and consciousness of freedom has carried by and kept. In the Kazakh nomadic society such concepts and the beginnings of universal including political, cultures as self-management, the form of self-affirmation of people; fair management and court; a word, as material value; rhetoric, as means of self-expression and testimony have been formulated and developed. Briefly, it is possible to tell, that in the Kazakh society nothing was appreciated more, than freethinking and fair justice. In the internal life of the Kazakh nomadic society, including the spheres of management and authority prevailed two dominants: the Empire of a word and the Empire of justice. Those Supreme and ulus governors who expressed steady factors and models of nomadic life made the greatest success and enjoyed the greatest support among the population both in a peace time, and during the military actions. Kassym-khan distinguished by wisdom as the big statesman, lived as an ordinary nomad and it has brought him glory and power. It was reflected in his laws which have received the name «Kassym khannyng

kaska joli», that is possible to translate as «Just establishments of Kassym-khan» or «Decent laws of Kassym-khan».

In the **second section** of the volume «About laws of Kassym-khan and Essym-khan» all literary information available for today about them in written form during the different periods, in different conditions and political regimes, by different authors with different purposes: in one cases they are written in general and as a summary for various help collections, and in other cases — as the record of the stories kept in memories of eolds, all these are collected almost. There are guesses and reflections of separate researchers and scientists about the laws of Kassym-khan and Essym-khan, written quickly after disorder of the Soviet regime. The materials resulted in the book can form a basis for the further special researches. In this case, they are useful. At the same time, it is necessary to notice, that all authors of articles proceed from once stated offer that laws of Kassym-khan, Essym-khan have ostensibly consisted of five or three groups of the norms collected and stated by them in unified legal establishments. «Laws», attributed to the specified Kazakh khans are the clot of expressions of their political and social reforms and the normative innovations, which have been carried out by them for their periods of reign in the Kazakh society. They have more shade of their estimation by generations of people that raises value of activity and laws of Kassym-khan and Essym-khan, and also consider an interest to the researchers.

The third section, the most volumetric and the most various, is devoted to the laws of Tauke-khan known under the name «Jeti Jarghi». So steadfast attention of scientists, writers, journalists and fans of the history of Tauke-khan's laws is caused by the several reasons. The main are: the period of Tauke-khan (the last quarter of the XVII and the first quarter of the XVIII centuries) was critical in the history of the Kazakh khanate; during his reig, in his policy, Tauke-khan raised the importance of biys who were the main and determining social force among nobilities, and the role of all — kazakh biy assemblies and councils of biys have turned to constant bodies at khan for the decision of the major questions of peace and war in the state; Tauke-khan's statutes « Jeti Jarghi» were different from other khans' authorities of the previous epoch.

The single acts of the statutes were discussed and accepted at assemblies of representatives of all three Kazakh juzes and, at last, the period of Tauke-khan represents the closest modern generation of the epoch about which there are a lot of written documents and materials.

The fourth section is devoted to decisions of the famous biys and important judicial precedents being one the basic sources of the Kazakh laws «jarghi».

The world of the law of the Kazakhs, which survived through the lines of epoch and shocks, has left such powerful trace in national memory, kept down to the XX century and till nowadays. It was so stable in the basis and in the history of culture of the Kazakh people, that years of violent measures of imperial Russia and the Soviet authority, the norms of the Kazakh right directed on eradication «jarghi» and memories of it could not erase them completely. The heritage of a nomadic civilization was those.

Today, at the beginning of XXI century, in conditions of the state independence of Kazakhstan, talking about biy justice, about the beginnings of national democracy, about moral values in management of a society, which took place once in the past and thought much in the Kazakh nomadic society have again started. And in conditions of the modern civilization based on the outstanding achievements of science and technology, cultures and arts, and in conditions of the nomadic civilization based on primitive forms of managing and the greater dependence by nature, creators of the history and these civilizations were people, their thoughts about the peace and life, dreams about the life-support were identical. We have today — only new stage of an old way.

Academician of the NAS of the RK
ZIMANOV S.Z.



1-бөлім

ҚАЗАҚ ХАҢДАРЫ
ЗАҢДАРЫНА ШОЛУ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Часть 1

ОБОЗРЕНИЕ И ОСОБЕННОСТИ
ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
КАЗАХСКИХ ХАНОВ



Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері

1. Қазақ құқығының бастаулары және қайнар көздері туралы («Жарғы»)

Қазақтардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымы тереңде жатыр. Қазақтар және олардың ата-бабалары өмір сүрген Орталық Азия мен Еуразия кеңістігінде сан империялар мен әлеуметтік-саяси жүйелер бірін-бірі толассыз алмастырумен болды. Қазақтар мен олардың ата-бабалары жер шарының осы бөлігінде шешуші, басты орынға ие болған көшпелі-мал өсірушілердің конфедерациясына кірді. Мұның өзі барлық көшпелі қоғамға тән жалпы жағдай болатын. Қазақтың көшпелі қоғамы аясында, оның құқықтық дүниетанымы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттары кең құлаш жайған көшпелі қоғамда пікірталас қисындылығының құралы ретінде әділ сот пен шешендік ділмарлықтың рөлі өте жоғары қойылып, өзін-өзі басқару еркіндігіне деген ұмтылыс айқын сезілді. Бұл қырынан қазақ қоғамы, өзі қалыптасқан көшпелі далалық негізін әлдеқайда басып озды. Егер әлемде көшпелі өркениет болған және әр жерде өзінше көрініс тапқан деп болжасақ, шын мәнінде көшпелі өркениет түсінігі өміршең десек, менің пікірімше, көшпелі өркениеттің ең дамыған нысаны Қазақстан аумағына тән болған. Бұл қандай да бір субъективті ой шеңберінде көшпелі аймақтардың бірін жоғарылату, асыра мадақтауға бағытталған зерттеу елесінің нәтижесі емес. Бұның сырын жағрапиялық, әлеуметтік-саяси, адами құндылықтармен астасып жатқан үш фактордан іздеген жөн.

Бірінші фактор — Орталық Азияны мекендеген тұрғындарының басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы. Көшпелілер осы шөбі бітік, суаттары мол, жайылымдық-шабындық алқаптар, орманды аймақтар, кең далалық кеңістік кіретін — солтүстікте Ертіс – Енисей аймағынан бастап, оңтүстікте Балхаш көлі мен Сырдария өзеніне дейін, батыста Орал Еділ Жайық алқабынан Қаракұм, Мойынқұм құмдарына дейін, шығыста Жетісудың қайнар көздеріне, Жоңғар қақпасына дейін жүз мыңдаған шаршы километр жерді алып жатқан, «Жұмақ бұрышы» деп аталған ұлан-ғайыр жер сілемін қоныстады. Осы кең аумақ Қыпшақ даласы аталып, әдебиетке «Шығыс Дешті Қыпшақ» ретінде енді. Шыңғыс өз заманындағы осы кең байтақ әрі маңызды аймақты өзінің үлкен ұлы Жошыға берген еді. Кейіннен осы аумақтың ірі бөлігінде өзге ордалардан ерекшеленетін «Ақ Орда» құрылды.

Екінші фактор — осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және тимуридтер империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар. Осы империялар билеушілері үздіксіз, қажытқан жорықтар жасады. «Қоныс аударушылар» үшін бұрынғы келген орнында қысымға ұшырау, сондай-ақ үйреншікті дүниеге көзқарас және көшпелі тұрғындар дүниетанымына қайшы келетін жаңа ережелерді, оның ішінде клерикалды-діни, милитаристік мекемелер ережелерін күшпен қабылдануға ұмтылу айтарлықтай рөл ойнады; в) жайылымдық-көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер. Қыпшақ даласы көшпелі тұрғындарының дүниетанымы негізінен өз базасы шеңберінде өзінің көп ғасырлық тұрақты дамуы барысында қалыптасты.

Үшінші фактор — Қыпшақ даласы (Шығыс Дешті Қыпшақ) деп аталған кең байтақ аймақ — көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адами құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда Сөз құдыреті мен Әділ сот құдыреті өмірлік күшке ие болды. Ол бай мен кедей, ақсүйек пен бағыныштыларға бөлінген әлеуметтік, теңсіздікке негізделген қоғамның өзінде де жеке санада бастаулы күшке ие болды.

Қазақ құқығы («Жарғы») — Шығыс Дешті Қыпшақта (Қыпшақ даласында) көшпелі қоғам дамуының жалпы және ерекше жолын көрсететін селективті құқық. Ол Орталық Қазақстан тарихында көптеген ғасырлар бойында бірін-бірі алмастырған көшпелі бірлестіктердің құқықтық массивтерінің табиғи іріктелуі болып табылады. Әрине, онда ғұндар мен түрік қағанаттарының, қыпшақтар мен Монғол империясының іздері бар. Еске алатын жайт, қазақ құқығы («Жарғы») қазақ хандығында басты рөл ойнағанымен, бүкіл хандық көлемінде жалпы мемлекеттік құқық болып саналмады. Бұл мемлекеттің көшпелі халқына қатысты еді, әрі отырықшы халық құқығымен қалалық құқық пен егіншілік құқықтан айтарлықтай бөлек өмір сүрді. Бұл олардың арасында өзара байланыс болмады дегенді білдірмейді, бәріне бірдей ортақ құқықтық нормалардың барлығын жоққа шығармайды. «Дала құқығына», ішкі тұрақтылық пен ұстамдылық көбірек тән еді. Отырықшы орталықтармен тығыз байланыста бола тұрып, ол өзіндік тұрғысы мен құрылымын өзгерткен жоқ, керісінше, оның негізі — көшпелі қоғам нығая түсуімен бірге далалық құқық та күшейе түсті. Көшпелі бірлестіктер үнемі Орталық Азия хандықтары мен ордаларының экономикалық тұрақтылығы мен әскери қуатының негізі және тірегі болды. Қалалар мен отырықшы орталықтар жиі үздіксіз жүргізілген өзара тартыс пен соғыс жылдарында талан-таражға ұшырады, қирады. Ал, көшпелі бірлестіктер өмір-күйінің ширақтығына, бейімділігіне байланысты осындай ауыр сынақтарға аз ұшырады. Егер де мұндай жағдай орын алса, көшпелілердің басына түсе қалса, олар өздерінің өмірге икемдігі арқасында ежелгі қалпына тезірек оралады. Көшпелі қазақ қоғамының тұрақтылығы мен бекімділігіне рулық құрылыммен қатар, «Дала заңдары да» айтарлықтай ұйытқы күш болды. Көшпелі қоғам өз қалыпында, өз негізінде қаншалықты

сақталса, оған тән «Дала заңдарының» қоғамдағы алатын орны да соншалықты мықты болды. Керісінше, ежелгі құқықтық мекемелер мен заңдардың өз күші сақталса, көшпелі қоғамның талай қиын кездерден өтуіне, ішкі бірлестігінің сақталуына зор жәрдемін тигізді. Осы тұрғыдан алғанда көшпелі қоғамды оның ішкі заңдарынан бөліп қарау ретсіз.

Қазақ құқығы («жарғы») кең байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Бұл оның Орталық Азияны мекендеген басқа көшпелілерден ерекшелеуге мүмкіндік береді және оның мәні де осында. Көшпелі қазақ қоғамында реттеуші нормалардың рөлі басым болды және олар әдеттегі, дәстүрлі жүріс — тұрыстың басым бөлігіне тарады. Халық санасында оларды «әдет заңдары», «дала заңдары», «билер заңдары» деп атады. Олардың нормалары әрі қисынды-ұтымды, әрі ықшам мәні терең, бір естігенде есте қаларлықтай үйлесімді. VIII—IX ғасырлардағы түркі тіліндегі жазба ескерткіштердегі бір қағанның (ханның) үндеуінде мынандай сөздер бар: «Ей, түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей сенің мемлекетінді, әдетінді кім жоя алады?»¹. Қасым хан тұсында «Хан болсын, ханға лайық заң болсын» деген ұранда таратылды.

Қазақ құқығының (жарғы) негізгі қайнар көзіне: көшпелі қоғамның талаптарына бейімделген әдет-ғұрыптар, қоғам мен мемлекет өмірінің ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерінен тез өзгеріп отыратын әдет-ғұрып нормаларын толықтырып, әрі үйлестіріп отыратын бидің үлгілі билігі (прецеденттері); хан заңнамасы.

Қазақ хандығы тарихында Қасым хан заңдары, Есім хан заңдары және Тәуке хан заңдары деген атпен енген заңдар белгілі. Олардың әрқайсысы халық берген өзіндік атауға ие. Осы атауларда, сондай-ақ осы актілердің ерекшелігі, мәні, бағыты қамтылған, көрініс тапқан. Бұндай халықтық сын көзі әсіресе, қазақтардың көшпелі қоғамында айқын байқалады. Онда ауызша шешендік, ойдың кеңдігі, айқындылығы, қысқалығы және оны сақтау ыңғайлылығы ерекше орын алды.

Бұл мақалада Қасым хан мен Есім хан заңдары қарастырылады, бірақта әзірше нақты мәліметтердің табылмауы әр түрлі көзқарастар мен талқылауларға жол ашуда.

2. Қасым ханның мемлекеттік саясаты және заңдары

Қасым ханның (XV ғ. соңғы ширегі мен — XVI ғ. бірінші ширегі) есімімен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталған кешенді заң жинағы — қазақ тарихында сүбелі орны бар маңызды құқықтық құжат. Заңның мазмұны, бағдары, мақсаты Қасым ханның мемлекеттік саясатымен тығыз байланыста құрылып, өзара үндестікте өрілген.

¹ Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Алматы, 2001. 249-бет..

2.1. Қасым ханның саясаты, бағыты және көзқарасы

Қазақстан тарихында Қасым ханның алатын орны ерекше. Хан тағына 1510 жылы отырған кезінде қазақ хандығының құрылғанына¹ әлі жарты ғасырда өтпеген еді. Ол жер көлемі аз, бытыраңқылық сипаты басым, ортақ мемлекеттік билік әлі қалыптаса қоймаған ұлыстардың басын біріктіріп, өзінен кейінгі ұрпаққа сол кездегі жер көлемі ең үлкен (шамамен қазіргі Қазақстан аумағы), бірлігі мықты мемлекетті қалдырып кетті.

Шын мәнінде мұндай жетістік оның хан тағында болған ресми он жылдың (1510—1521) көлемінде атқарылған шаруа емес. Бұл жетістік Қасымның әлі хандық мәртебеге ие болмай тұрғанында, Бұрындық хан тұсында «екінші хан» есебінде жүріп ел басқарған кезеңдерінен бастау алатын 50 жыл ішіндегі қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Ел ішінде әлі хандық мәртебеге ие бола қоймаған Қасым сұлтанның беделінің артуы, ел басқарушылық қабілетінің айқын танылуымен Бұрындық ханның халық алдындағы салмағы төмендей түсті. Дей тұрғанмен қазақ мемлекетінің шекарасы мен аумағын кеңейтуге қосқан хан Бұрындықтың да үлесін жоққа шығаруға болмайды. Уақыт өткен сайын Қасым сұлтанмен екі арадағы келіспеушілік өрши түсті, сонымен бірге кешегі Бұрындық хан қол астындағы рубасылардың бірқатары Қасым сұлтан жағына шығып кетуі Бұрындықтың Қыпшақ даласындағы хандық билікті тастап, Самарқанд қаласындағы туыстық-некелік байланыстағы Шыңғыс тұқымынан тарайтын жақындарына кетіп қалуына себепкер болды.

Қасым сұлтан Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның үшінші ұлы еді. Шыңғыс тектілердің билік құру жүйесінде үлкенді тану қағидасы қатаң ұсталды. Сол себепті Жәнібек ханмен қатарлас ел билеген Керей хан өзінің тегі, жасы және қол астындағы ұлысының көлемі бойынша да, билігі жөнінде де Жәнібек ханнан жоғары тұрды. Керей хан өлгеннен кейін билікке оның ұлы Бұрындық келді. Бұрындықтың Жәнібек ханға қарағанда таққа мұралығы лайықты деп есептелді. Бұрындықтың ресми хан тағында отыруы Қасым сұлтанның күн санап өсіп келе жатқан беделіне, оның мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттарына шешуші ықпал етуіне кедергі келтірмеді. Алғашқы да Бұрындық хан Қасым сұлтанмен мақсат-мүдделері бір болғандықтан тату қарым-қатынас ұстады, ал кейіннен Қасым сұлтанның бедел-абыройының күшейе түсуіне байланысты ара қатынастары суи берді.

XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде – Бұрындық ханмен Қасым сұлтанның қатарлас хандығы кезінде, әсіресе Қасым сұлтанның билікті өз қолына алғаннан кейінгі дәуірде қазақ хандығы бытыраған қазақ көшпелілерінің жерлерін біріктіретін орталыққа айналды. Қазіргі Қазақстан аумағына тең, ал, хандықтың қаласына көшкен Ертістің солтүстік аймағында орналасқан «орман халықтарын» қосқанда одан да көлемді

¹ Қазақ хандығының дербес құрылған кезі XV ғасырдың 60 жылдары. Хандықтың алғашқы хандары болған сұлтан Керей мен Жәнібек өз қоластындағы ұлыстармен сол кездегі Қыпшақ даласын билеп тұрған Өзбек хандығының ханы Әбілхайыр ханнан бөлініп, ауып көшіп кетті.

жерге қазақ хандығы ие болды. Бұл сол кездегі қазақ мемлекеті дамуының нақты көрінісі еді.

Қазақ хандарының мемлекет аумағын кеңейтудегі әскери және бейбіт жолмен жүргізген шараларымен қатар, маңызды рөл атқарған тағы бір құбылысты атауға болады. Ол («Қазақ» деген сөздің) әлеуметтік-саяси, этнонимдік мағынаға ие болуы және көшпелілер бірлестігінің ұранына айналды. Белгілі шығыстанушысы В.П. Юдин өз еңбектерінің бірін «Қазақ» деген ұғымының этимологиясына арнап, сол еңбегінде былай деп жазды: «Қазақ этнонимінің этимологиясына қатысты айтар болсақ, XIV—XVI ғасырларда «қазақ» деп — әр түрлі себептермен өз ортасынан бөлініп кеткен бір тұтас ұжымдарды атаған»¹ — деп көрсетеді. Мұның әр түрлі себептері болды: тұрған орталығында қысым, жәбір көру, қоныс тарлығы, көшпенділердің ішкі ара тартыстары, ұзаққа созылған жорық-соғыстардың әсері.

Алғашқыда Өзбек хандығынан Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлініп, Моғолстан (Жетісуда) жеріне орналасуы және оларға өзге де үлкенді-кішілі көшпелі рулардың келіп қосылуының сыры, қазіргі тілмен айтар болсақ, көшпелілердің, еркіндікте азаттықта өмір сүруді қалағандығында жатыр. Бұл жолда көшпенділерге көптеген қиындықтарды бастарынан кешіруге тура келді. Еркін өмір сүруге деген ұмтылыс олардың ерлігімен, төзімділігін күшейтті. В.П. Юдин жазғандай «қазақ» деген атау батырлықтың, өжеттіліктің, төзімділіктің көрінісіне айналды, ал кейбіреулерге тіпті үрей де тудырды. Зерттеушінің пікірінше «Осының барлығы олар (қазақтар) туралы аңыздардың пайда болуына әсер етті және олардың өмірі өлең-жырға айналды».²

Белгілі бір ұлттың (халықтың) атауын білдіретін «қазақ» ұғымымен қатар, көшпелі қауымның әлеуметтік атауын беретін «қазақ» ұғымының арасында тығыз байланыстың болуымен бірге, өзіндік ерекшеліктер де бар. Ұлт ретіндегі қазақ ұғымы көшпелілердің саяси бірлесуінің көрінісі болса, ал әлеуметтік атауға ие болған «қазақ» термині сайын даланың төсінде еркін мекендейтін, бостандықты аңсаған, шашырап жүрген көшпенділердің бірлестіктерін суреттейді. Тарихи деректерге қарағанда «қазақ» деген әлеуметтік атау қазақ хандығы құрылмай тұрып, IX ғасырлардан бастап белгілі болды. Оның қатарына еркіндік аңсап қоныс аударған, орталықтан «қашып шыққан» ер жүрек ру бөлшектерін жатқызды. Қазақ хандығы бір жағынан осы тұрғыдағы бірлесіп мемлекет құруының көрінісі болса, екінші жағынан қазақтардың ұлт деңгейіне көтерілуіне бірде-бір себеп, әрі айтарлықтай күш болды.

2.2. Қазақ хандығы Орталық Азиядағы ірі мемлекеттердің біріне және қазақ халқын біріктіру орталығына айналды

Қасым ханның Қазақстан тарихындағы орны оның дана да, дарынды, өз отанына берілген басшы ретіндегі бейнесімен ерекшеленеді. Оның жартығасырлық

¹ Юдин В.П. Центральная Азия в XIX—XIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. 148-бет.

² Сонда. 149-бет.

уақытта атқарған мемлекеттік, саяси және дипломатиялық қызметі мен ұстанған саясатын бір сөзбен түйгенде қазақ халқы мен жерін біріктіру орталығына айналдырды десек артық айтқандық емес. Қасым ханның қызметі мен жеткен жетістігі осылай бағаланғаны абзал.

Алғашқыда Қаратал мен Шу өзенінің аңғарын мекендеген Қазақ хандары Керей мен Жәнібектің қол астында кейбір мәліметтерге қарағанда 10 мыңдай халық болған. Арада бір ұрпақ ауысар мезгілде Қасым хан билігін мойындаған халық саны 1,2 — 2 млн адамға жеткен.¹ Сондай-ақ Орта Азия аумағында қазақ хандығы жер көлемі үлкен, ықпалды бес мемлекеттің бірі болып танылды. Бұған негізінен екі түрлі маңызды фактор әсер етті. Біріншісі қазақ хандығы тонау мен соғыс, жерге талас пен ірілі-ұсақты билеушілердің қысымдарынан зардап шеккен көшпелілер үшін еркіндік аймағы ретінде танылса, екіншіден — бұл Қасым ханның тарих сахнасында ел сенімін арқалаған мықты қолбасшы, дарынды ел басқарушы, ірі дипломат және реформатор ретіндегі атақ-абыройы еді. Кезінде Әмір Темірдің жаулауынан кейін құлаған, күш-қуаты әлемге мәшһүр болған Ақ Орданың (Алтын Орда) даңқымен теңесерліктей жағдайға енген қазақ хандығы Қасым хан тұсында ірі мемлекетке айналды.

Қасым хан Бұрындық ханның тұсында оның келісімімен, ал өзі дербес хан болған кезінде өз еркімен Өзбек хандығы, Моғолстан және Ноғай ордасына жорықтар жасап жорықтарды сәтті аяқтап отырды. Жорықтардың сәтті аяқталуының себебі Қасым ханның ішкі саясатты сол кездегі елдің мүддесіне сай жүргізе білуінде еді. Оның ұстанған саясаты көрші көшпелі халықтардың бірігуге деген қызығушылығын арттырады. Жүргізілген саясаттың жасампаздығы да сонда, оның халық жиналысының, рубасылар мен билер сотының, көшпелі қоғамның әдеттік-құқықтық арналарының қуаты мен күшін билік жүргізуге ұдайы қатыстырып отырғанында жатыр.

Көшпелілер мекендеген Қыпшақ даласында әскери жорықтардың сәтті өтуіне Қасым хан қатты көңіл бөлді. Күн санап өсіп келе жатқан сарбаздар саны, олардың жауынгерлік борышқа адал болуын талап етті. Ол «Хан борышы жорықта ту көтеру, сарбаз борышы ханға еріп жан беру» ұранын халық санасына енгізді, соған негізделген әскери тәртіп қалыптастырды. Әрбір жорық алдында халық кеңесін тыңдап, көпшілік мақұлдауын әдетке айналдырды. Бұл қағида «батыр болсын, жорық болсын, жорық жолы мақұл болсын» деген мазмұнда нұсқа сөзбен әдіптелді. Сол кезеңнің жылнамашысы Қазақ хандығын бұрынғы Шыңғыс хан иелігіндегі аумақта атақ-даңқы жаңғырған ірі мемлекетке теңейді. Оның айтуынша бұл өңірде «қайсарлығымен және күшімен бүкіл әлемге мәшһүр қазақтар» тұрды. Бұрындық хан мен Қасым ханның сарбаздары қаһары жағынанда, саны жағынанда аса қауіпті күшке айналғанын тілге тиек етеді. Қазақ басшысының бұйрығы шығысымен-ақ «сол сәтте әрқайсысы он батырдың күші бар төртжүз мың сарбаздар топтаса қалатын»² — деп суреттеледі.

¹ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков. Алма-Ата, 1977. 204-бет.

² Фазаллах Ибн Рузбихан Исфажани. Михман-наме-ий-Бухара, Р.П. Жалиловтың аудармасы. Москва, 1976. 92 — 93, 147-беттер.